

**«Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС  
қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу  
қорытындысы бойынша талдамалық анықтама**

Нұр-Сұлтан қ.

2021 жылғы 13 тамыз

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2021 жылғы 4 тамыздағы №46-нқ бұйрығы негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС (бұдан әрі-Серіктестік) қызметінде жүргізілді.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы:**

«Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу негізі:**

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы»

Серіктестік директорының бұйрығы

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2021 жылғы 4 тамыздан 13 тамыз аралығында жүргізілді.**

Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Серіктестіктің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Серіктестіктің қызметін қозғайтын ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау көздері ретінде Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттары (бұйрықтар, ережелер, лауазымдық нұсқаулықтар және басқалар) пайдаланылды.

**1. Серіктестіктің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде  
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

Серіктестіктің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау келесі мәселелер бойынша жүргізілді:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы;
- 2) мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты ұйымдастыру;
- 4) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- 5) қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету;

б) Серіктестіктің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

«Мемлекеттік қызмет көрсету» мәселесі бойынша талдау жүргізілген жоқ, өйткені Серіктестік Мемлекеттік қызмет көрсетпейді.

«Бақылау функцияларын іске асыру» мәселесі бойынша талдау жүргізілген жоқ, өйткені Серіктестік бақылау функцияларын жүзеге асырмайды.

Серіктестік рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайтындықтан, «Рұқсат беру функцияларын іске асыру» мәселесі бойынша талдау жүргізілген жоқ;

«Салықтар мен басқа да төлемдерді жинау» мәселесі бойынша талдау жүргізілген жоқ, өйткені Серіктестік салықтар мен басқа да төлемдерді жинаумен айналыспайды;

### ***1.1. Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы***

- 1) лауазымға тағайындау конкурстық іріктеусіз өткізілді;
- 2) бос жұмыс орындар туралы ақпарат орналастырылған жоқ;
- 3) іріктеу кезеңдерін өткізу мерзімдері жоқ (бос жұмыс орын туралы хабарландыру орналастыру, құжаттарды қабылдау, сұхбаттасу, тестілеу);
- 4) сұхбаттасу және тестілеуді өткізу мәселелері бойынша ақпаратты қалыптастыру және қорғау тетігі жоқ;
- 5) жұмыскерлерді қызметте жоғарылату, басқа лауазымдарға ауыстыру конкурстық іріктеусіз жүзеге асырылды.

### ***Ұсынымдар***

- 1) лауазымдарға тағайындаулар конкурстық іріктеу қорытындылары бойынша жүзеге асырылсын;
- 2) бос жұмыс орындары болған жағдайда ақпаратты 5 жұмыс күні ішінде [eubek.kz](http://eubek.kz) порталында және Серіктестік сайтында орналастыру;
- 3) іріктеу кезеңдерін өткізу мерзімдерін белгілеу (бос жұмыс орын туралы хабарландыру орналастыру, құжаттарды қабылдау, сұхбаттасу, тестілеу);
- 4) сұхбаттасу және тестілеу өткізу үшін сұрақтарды қалыптастыру және қорғау тетігін құру;
- 5) қызметкерлердің лауазымын жоғарылату, өзге лауазымдарға ауыстыру конкурстық іріктеу қорытындысы бойынша бірнеше кандидат болған жағдайда жүзеге асырылсын

### ***1.2. Мүдделер қақтығысын реттеу***

- 1) мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі рәсімдерді реттейтін құжат (саясат) жоқ;
- 2) мүдделер қақтығысын мониторингілеу және реттеу жөніндегі функциялар жүктелген тұлға жоқ;

3) алқалық органның қызметін реттейтін құжаттарда мүдделер қақтығысын реттеу бойынша талаптар жоқ.

### ***Ұсынымдар***

1) мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі рәсімдерді реттейтін құжатты (саясатты) әзірлеу және бекіту;

2) бір тұлғаны бекіту және оған мүдделер қақтығысын мониторингілеу және реттеу жөніндегі функцияларды жүктеу;

3) Серіктестіктің алқалы органдарының қызметін реттейтін құжаттардағы мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі талаптарды белгілеу мәселесін пысықтау.

### ***1.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмысты ұйымдастыру***

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі функциялар құзыретіне кіретін тұлға немесе бөлімше жоқ;

2) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты жоқ;

3) Серіктестік жұмыскері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша түсіндіру және оқыту іс-шаралары төмен деңгейде өткізілді;

4) Серіктестік қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, Серіктестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының қолданыстағы талаптары туралы білімін тексеру жөніндегі іс-шаралар жүйесіз жүргізілді.

### ***Ұсынымдар***

1) Серіктестіктің бұйрығымен құзыретіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі функциялар кіретін тұлға немесе бөлімше айқындалсын және бекітілсін;

2) Серіктестіктің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарын, Серіктестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатын әзірлеу және бекіту;

3) Серіктестік қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша түсіндіру және оқыту іс-шараларын тоқсанына кемінде бір рет өткізу;

4) Серіктестік қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың қолданыстағы талаптары туралы білімін тексеру жөніндегі іс-шаралар жылына кемінде бір рет өткізілсін.

### ***1.4. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу***

1) мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі талаптарды қамтитын ішкі нормативтік құжат жоқ;

2) Серіктестік бюджеттік және қаржы қаражатының елеулі сомаларымен операция жасаған кезде Серіктестікте ішкі аудит, ішкі бақылау жөніндегі функцияларды орындайтын бөлімше жоқ

### **Ұсынымдар**

1) мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі талаптарды белгілеу туралы ішкі нормативтік құжат әзірлесін;

2) Серіктестікте бюджеттік және қаржы қаражатының елеулі сомаларымен операциялар жүргізу кезінде ішкі аудит, ішкі бақылау жөніндегі функцияларды орындайтын бөлімше құрудың орындылығы мәселесін пысықтасын.

### **1.5. Қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету**

«Қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету» мәселесі бойынша талдау жүргізу кезінде Серіктестікте сыбайлас жемқорлық тәуекелдері (көріністері) анықталған жоқ.

## **2. Серіктестіктің қызметін қозғайтын ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

Серіктестіктің ұйымдық-басқарушылық қызметінде анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері Серіктестіктің қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттардың жекелеген ережелерінің жетілмегендігін көрсетеді, бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іске асырылатын шаралардың тиімділігіне ықпал етпейді. Ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу, қабылдау жүйесінде ашықтық толық көлемде қамтамасыз етілмейді. Серіктестіктің қызметкерлері Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарының негізгі пайдаланушылары және орындаушылары болып табылады. Алайда, олардың барлығы Серіктестіктің ішкі нормативтік базасын жоспарлау, әзірлеу процесіне қатыспайды. Ішкі нормативтік құжаттардың жобалары Серіктестіктің Интернет порталында міндетті түрде орналастырылуға және талқылауға жатпайды.

Қаралған ішкі нормативтік құжаттардың тізімі:

### **1. 2018 жылғы ішкі нормативтік құжаттар:**

1) Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу орталығы» РМК Жарғысы (соңғы өзгерістермен және толықтырулармен) ҚР ҚМ ММЖК төрағасының 18.03.2016 жылғы №324 бұйрығы;

2) «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу орталығы» ШЖҚ РМК регламенті 28.04.2016 жылғы №36-нқ бұйрығымен бекітілген;

3) «2018 жылға арналған» Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу орталығы» РМК істер номенклатурасын бекіту туралы» 29.12.2017 жылғы №103-нқ бұйрық;

4) «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу орталығы «РМК Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын бекіту туралы» 09.11.2018 жылғы №54-нқ бұйрық;

5) «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу орталығы» ШЖҚ РМК-дағы бос лауазымға орналасуға конкурс өткізу жөніндегі комиссияның құрамын бекіту туралы» 28.04.2018 жылғы №19-нқ бұйрық;

6) «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу орталығы» ШЖҚ РМК-ның 2017.12.25 №100-нқ» 2018 жылға арналған «ҚБЗО» РМК-ның құрылымы мен штат кестесін бекіту туралы «Бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 18.06.2018 жылғы №29-нқ бұйрығы;

7) «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу орталығы» ШЖҚ РМК-дағы бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» 28.04.2018 жылғы №18-нқ бұйрығы;

8) «Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдардың білімін бекіту жөніндегі емтихан комиссиясының құрамын бекіту туралы» 14.05.2018 жылғы №24-нқ бұйрығы;

9) «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу орталығы» РМК-ның 2018 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы» 29.12.2017 жылғы №105-нқ бұйрық

10) «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың кейбір мәселелері туралы» 03.04.2017 №16-нқ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 02.10.2018 жылғы №48-нқ бұйрығы;

11) Түгендеу жүргізу туралы 12.12.2018 жылғы №64-нқ бұйрығы;

12) «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу орталығы» РМК-нің ақпараттық қауіпсіздігінің кейбір мәселелері туралы» 12.12.2016 жылғы №108-нқ бұйрығы.

## **2. 2019 жылғы ішкі нормативтік құжаттар:**

1) «Қол қою құқығы туралы» 14.03.2019 жылы №14-нқ бұйрығы;

2) «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу орталығы» РМК жұмыс жоспарын бекіту туралы» 27.12.2018 жылғы №71-нқ бұйрығы;

3) «Оқу курстарының тыңдаушылары мен лекторлары бойынша деректер базасының нысандарын бекіту туралы» 28.01.2019 жылғы №3-нқ бұйрығы;

4) «Лекторлық қызметтер көрсетуге арналған шығыстарды есептеу әдістемесін бекіту туралы» 28.02.2019 жылғы №12-нқ бұйрығы;

5) «Мемлекеттік аудит біліктілігін иеленуге үміткер адамдардың білімін растау жөніндегі емтихан комиссиясының құрамын бекіту туралы» 14.05.2018 жылғы №24-нқ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 28.06.2019 жылғы №32-нқ бұйрығы;

6) «Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдардың білімін растау жөніндегі емтихан комиссиясы туралы ережені бекіту туралы» 04.11.2019 жылғы №50-нқ бұйрығы;

7) «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу орталығы» РМК жұмыскерлерін тағайындау туралы» 27.05.2019 жылғы №27-нқ бұйрығы;

8) «Құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді, лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын және қаржылық бұзушылықтарды зерттеу орталығы РМК қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекіту туралы» 27.05.2019 жылғы №28-нқ бұйрығы;

9) «Зерттеу тақырыптарын бекіту туралы» 03.06.2019 жылғы №29-нқ бұйрығы;

10) «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу орталығы» ШЖҚ РМК-дағы бос лауазымға орналасуға конкурс өткізу жөніндегі комиссияның құрамын бекіту туралы» 28.04.2018 жылғы №19-нқ бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы» 01.07.2019 жылғы №34-нқ бұйрығы;

11) «Түгендеу жүргізу туралы» 17.10.2019 жылғы №47-нқ бұйрығы;

12) «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың кейбір мәселелері туралы» 2017 жылғы 03.04. №16-нқ бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы» 20.11.2019 жылғы №55-нқ бұйрығы;

13) «Табиғи және моральдық тозу салдарынан, дүлей зілзалалар мен авариялар салдарынан жарамсыз болған негізгі құралдарды есептен шығару жөніндегі комиссия құру туралы» 16.10.2019 жылғы №46/1-нқ бұйрығы;

14) «Лекторлық қызметтер көрсетуге арналған есеп айырысу әдістемесін бекіту туралы» 28.02.2019 жылғы №12-нқ бұйрығы;

15) 2019 жылға арналған Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығының құрылымын, штат кестесін бекіту туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №72-нқ бұйрығына және «ҚБЗО» РМК-ның лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарына өзгерістер енгізу туралы» 2019 жылғы 20 мамырдағы №24-нқ бұйрығы;

16) 2019 жылға арналған Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу орталығы» РМК-ның құрылымын, штат кестесін және «ҚБЗО» РМК-ның лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №72-нқ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 29.04.2019 жылғы №22-нқ бұйрығы;

17) «Дебиторлық және кредиторлық берешекті есептен шығару туралы» 26.12.2019 жылғы №64-нқ бұйрығы.

### **3. 2020 жылға арналған ішкі нормативтік құжаттар:**

1) «Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдардың білімін растау жөніндегі емтихан комиссиясының құрамын, емтихан қорытындысы бойынша апелляциялық кеңесті, білім деңгейін айқындау және растау тәртібін, адамдардың білімін растау жөніндегі емтихан комиссиясы туралы ережені бекіту туралы» 08.07.2020 жылғы №39-нқ бұйрығы;

2) «Құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді, лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын және «Зерттеулер, талдау және тиімділікті

бағалау орталығы» ЖШС қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекіту туралы» 03.02.2020 жылғы №4-нқ бұйрығы;

3) «Серіктестік қызметкерлеріне материалдық көмек көрсету туралы» 04.12.2020 жылғы №56-нқ бұйрығы;

4) «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС-нің 2020 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы» 16.02.2020 жылғы №10/1-нқ бұйрығы;

5) «Қаржы-шаруанылық қызметін ай сайынғы түзету туралы» 19.11.2020 жылғы №51-нқ бұйрығы;

6) «Қашықтықтан жұмыс істеу режимі туралы» 14.10.2020 жылғы №47-нқ бұйрығы;

7) «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС ұйымдық құрылымы мен штат кестесін бекіту туралы» 03.02.2020 жылғы №1-нқ бұйрығы;

8) «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС жұмыскерлердің лауазымдық жалақыларының мөлшерін айқындау жөніндегі жұмыс тобын құру туралы» 03.02.2020 жылғы №2-нқ бұйрығы;

9) «2020 жылға арналған «Зерттеулер, талдау тиімділікті және бағалау орталығы» ЖШС істер номенклатурасын бекіту туралы» 03.02.2020 жылғы №3-нқ бұйрығы;

10) «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру туралы ережесін бекіту туралы» 03.02.2020 жылғы №4/1-нқ бұйрығы;

11) «Серіктестіктің жұмыс регламентін бекіту туралы» 06.02.2020 жылғы №8/1-нқ бұйрығы;

12) «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС жұмыскерлерін лауазымға тағайындау туралы» 06.02.2020 жылғы №7-нқ бұйрығы;

13) «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС күшейтілген карантиндік жұмыс режиміне көшу туралы» 08.06.2020 жылғы №27/1-нқ бұйрығы;

14) «Қашықтықтан жұмыс істеу режимі туралы» 30.11.2020 жылғы №53/1-нқ бұйрығы;

15) «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың кейбір мәселелері туралы» 04.12.2020 жылы 03.04.2017 жылғы №16-нқ бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы» 04.12.2020 жылғы №57-нқ бұйрығы;

16) «Зерттеу тақырыптарын бекіту туралы» 16.02.2020 жылғы №10-нқ бұйрығы;

17) «Мемлекеттік аудит-Государственный аудит» ғылыми-практикалық журналының редакциялық алқасы бас редакторының орынбасары болып тағайындау туралы» 24.12.2020 жылғы №66- нқ бұйрығы;

18) «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру туралы ережесін бекіту

туралы» Серіктестіктің 03.02.2020 жылғы №4/1-нқ бұйрығына толықтыру енгізу туралы» 12.06.2020 жылғы №29-нқ бұйрығы;

19) «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС қызметкерлеріне материалдық көмек көрсету мәселелерін қарау бойынша комиссия құру туралы» 12.06.2020 жылғы №30-нқ бұйрығы.

### ***1.1. Серіктестіктің қызметін қозғайтын ішкі нормативтік құжаттардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері***

1.1.1. Серіктестіктің қызметін қозғайтын ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықт жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктерді және нормаларды анықтау бойынша жұмыс жүргізілді.

Нәтижесінде дискрециялық өкілеттіктер анықталмады, соның ішінде:

- лауазымды тұлғалардың шешім қабылдауы үшін болмауы немесе белгісіздігі;

- лауазымды тұлғаның бірнеше шешім қабылдау немесе шешім қабылдаудан бас тарту мүмкіндігі;

- қабылданған басқарушылық шешімді ынталандыру міндетінің болмауы;

- шешім қабылдаудың белгілі бір мерзімдерінің болмауы;

- лауазымды тұлғаның уәжді негіздерсіз белгіленген мерзімді өз қалауы бойынша ұзарту немесе қысқарту мүмкіндігі;

- лауазымды тұлғаның өз қалауы бойынша жеке және заңды тұлғалармен құқықтық қатынастардың туындауына, оларды өзгертуге немесе тоқтатуға тиісті уәждемесіз бастамашылық жасау мүмкіндігі;

- лауазымды тұлғалардың өкілеттіктерін қайталау;

- өз қалауы бойынша заңнаманы орындамағаны үшін жауапкершіліктің түрі мен мөлшерін айқындау мүмкіндігі;

- лауазымды тұлғаның құзыреті шеңберінде шешім қабылдау үшін тізбеде көзделмеген қосымша құжаттарды сұрату мүмкіндігі.

Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарында лауазымды тұлға міндетінің орнына құқық белгілеу бөлігінде, сондай-ақ адамға тиесілі құқықтарды, артық әкімшілік кедергілерді іске асыру үшін қойылатын талаптардың жоғары болуы, функцияларды, міндеттерді, құқықтар мен жауапкершілікті тиісінше айқындамау анықталған жоқ.

Сонымен қатар, келесі ішкі нормативтік құжаттардың жоқтығы анықталды:

- мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі рәсімдерді реттейтін құжат (саясат);

- алқалы органның қызметін реттейтін құжаттағы мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі талаптар;

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты.



### **Ұсынымдар**

1) мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі рәсімдерді реттейтін құжатты (саясатты) әзірлеу және бекіту;

2) алқалы органның қызметін реттейтін құжатта мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі талаптарды әзірлеу және бекіту;

3) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын әзірлеу және бекіту.

### **4) Қорытынды бөлім**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындысы бойынша Серіктестік қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Серіктестіктің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау нәтижелері бойынша **ҰСЫНЫЛАДЫ:**

1. Қарау үшін Серіктестік директорына талдамалық анықтама енгізу.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері серіктестіктің Интернет-порталында орналастырылсын.

3. 2021 жылғы желтоқсанға дейін ұсынымдар бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою.

Жұмыс тобының жетекшісі  
ӘБ меңгерушісі

**Қ.Б. Есжанов**

Жұмыс тобының мүшелері:  
Аға сарапшы (заңгер-кадршы)

**Б.С. Туктыбаева**

Қайта даярлау және біліктілікті арттыру  
бөлімінің аға сарапшысы

**С.С. Исаева**

Танысылды:  
Директор

**С.К. Кенжеболат**

Директордың орынбасары

**А.Р. Ускенбаева**

Директордың орынбасары

**М.Г. Калығұлова**

Бас бухгалтер

**А.Б. Ахметова**

ҚҒЗБ меңгерушісі

**А.А-Қ. Кәрібаев**

ОББ меңгерушісі

**М.Ж. Жақсылық**

ТНББ меңгерушісі

**Б.Ж. Рахметов**